

Солтүстік Қазақстан облысының кейбір елді мекендері мен ауылдық округтері атауларының транскрипциясын өзгерту және қайта атау туралы

Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2010 жылғы 16 қыркүйектегі N 251 қаулысы және Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2010 жылғы 16 қыркүйектегі N 28/5 біріккен шешімдері. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2010 жылғы 18 қазанда N 1759 тіркелді

Ескерту. Тақырыпта және барлық мәтін бойынша "селолық", "селосының" деген сөздері "ауылдық", "ауылының" сөздеріне ауыстырылды – Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 19.04.2016 N 125 бірлескен қаулысымен және Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 19.04.2016 N 2/5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес, Аққайың, Айыртау, Қызылжар, Уәлиханов аудандарының мәслихаттары мен әкімдіктерінің ұсынысы жөніндегі тұрғындар пікірін ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және облыстық мәслихат **ШЕШТІ**:

1. Аққайың ауданы Шағалалы ауылдық округі және Шағалы ауылының атауларын Шағалалы ауылдық округі және Шағалалы ауылы деп атауларының транскрипциясы өзгертілсін;

2. Келесі елді мекендер мен ауылдық округтер қайта аталсын және тарихи атауы қайта берілсін:

- Айыртау ауданы Қамсақты ауылдық округі Өскен ауылының атауын Қамсақты ауылдық округі Үкілі Ыбырай ауылы;

- Қызылжар ауданы Қызылжар ауылдық округі Элитное ауылының атауын Қызылжар ауылдық округі Бәйтерек ауылы;

- Уәлиханов ауданы Чехов ауылдық округі және Чехово ауылының атауын Ақбұлақ ауылдық округі және Ақбұлақ ауылы.

3. "Солтүстік Қазақстан облысының кейбір елді мекендері мен ауылдық округтері атауларының транскрипциясын өзгерту туралы" (2010 жылғы 22 қаңтардағы № 1738 мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2010 жылғы 6 ақпандағы "Солтүстік Қазақстан", 2010 жылғы 6 ақпандағы "Северный Казахстан" газеттерінде жарияланған) бірлескен Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылғы 20 желтоқсандағы № 340 қаулысы мен Солтүстік Қазақстан облыстың мәслихатының № 20/8 шешіміне келесі өзгерту енгізілсін: 1 тармағындағы 10 азат жолдағы "Молодогвардейск" сөзі "Надеждин" сөзімен ауыстырылсын.

4. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі
Облыстық мәслихаттың
хатшысы
Облыстық мәліхаттың
XXVIII сессиясының
төрағасы

С. Біләлов
Қ.Едіресов

Т.Қоныспаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК